

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы



Қамқоршылық кеңес

2017-2018 оқу жылы

«Айболған» бөбекжай-балалақшасы ЖШС

Бұйрық № 34

Қазығұрт ауданы

«Қамқоршылық кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасының білім туралы заңының 44-бап 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22 қазандағы №501 қамқорлық кеңес қызметін ұйымдастыру тәртібін бекіту. Үлгілі ереже негізінде Бұйырамын :

1. Қамқоршылық кеңесі мына құрылымда бекітілсін.

Кеңес төрайымы: Естауова Балкия Елемесовна- балабақша меңгерушісі

Төрайымның орынбасары: Сақыбай Гүлайым- әдіскер

Кеңес хатшысы: Алиева Қарлығаш— бастауыш кәсіподақ төрағасы

Кеңес мүшелері Төлебай М.- ата- аналар комитетінің төрайымы

Кеңес мүшелері Каримбаева А.—ата- аналар комитетінің мүшелері

Кеңес мүшелері Батырбекова Ұ.- ата- аналар комитетінің мүшелері

Кеңес мүшелері Сарсенбаева Г.- ата- аналар комитетінің мүшелері

2. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жоспарға сай бекітілсін.

3. Отбасының күнкөріс деңгейін есептеу комиссиясы төмендегі құрамда бекітілсін.

Кеңес төрайымның орынбасары : Сақыбай Гүлайым - әдіскер

Кеңес хатшысы: Алиева Қарлығаш — бастауыш кәсіподақ төрағасы

Төлебай М.— ата-аналар комитетінің төрайымы.

Балалардың отбасының әлеуметтік тұрмыс жағдайын жылына екі рет тексеру комиссиясының құрамы бекітілсін.


1. Кеңес мүшелері: Кәрімбаева Алия

2. Кеңес хатшысы: Алиева Қарлығаш

3. Зерттеу жүргізетін топ тәрбиешілері.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау балабақша әдіскері Сақыбай Гүлайым міндеттелсін.

«Айболған» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі:



Б. Естауова

Бекітемін:

«Айболған» бөбекжай-балабақшасы
меңгерушісі: Б. Естауова



Балабақша ішілік қамқоршылық кеңес

«Айболған» бөбекжай-балабақшасының қамқоршылық кеңесі мүшелерінің тізімі

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Б. Естауова— балабақша меңгерушісі
2. Г.Сақыбай— балабақша әдіскері
3. Қ. Алиева— бастауыш кәсіподақ төрағасы
4. М. Төлебай- Ата- аналар комитеті төрайымы
5. А. Каримбаева— ата— аналар комитетінің мүшесі
6. Ұ. Батырбекова- ата— аналар комитетінің мүшесі
7. Г. Сарсенбаева- ата- аналар комитетінің мүшесі

Хатшы: Алиева Қ. Алиева

Бекітемін
«Айболған» бөбекжай
Балабақшасының меңгерушісі:

Естауова Б.Е



**«Айболған» бөбекжай-балабақшасының 2017- 2018 оқу жылына арналған
қамқоршылық кеңесінің ережесі**

1. Жалпы ережелер

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің бұл ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға, балабақшадағы барлық кеңестерінің мүшелерін балабақшаның іс-шараларын ұйымдастырып, қатыстыртуға, өзін-өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылып, қабылданды.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері:

2.1.Қамқоршылық кеңесі мектепке дейінгі оқыту және тәрбие жұмысында, материалды-техникалық қамтамасыз етуді және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған.

2.2.Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- білім жүйесінде оқыту мен тәрбие үрдісінде практикалық көмек көрсету;
- балалар, ата-аналар және тәрбиешілер арасында біріккен жұмыста жайлы жағдай жасау;
- балалардың шығармашылық, интеллектуалдық және рухани қабілеттерін арттыруға жағдай жасау;
- оқу-тәрбие үрдісінің жұмысын жақсартуды қамтамасыз ету;
- материалды-техникалық қамтамасыз етуді нығайту;

2.3.Қамқоршылық кеңесі өз қалауымен, тең құқылы, заңды, ашықтықта еркіндік ұғымымен жұмыс істейді.

3. Қамқоршылық кеңесінің жүйесі.

Қамқоршылық кеңесінің құру тәртібі және оның мүшелерін сайлау Балабақша әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің саны 19 /он тоғыз/ адамнан аспауы қажет.

Қамқоршылық кеңеске балабақшаның және топтардағы ата-аналар комитетінен сайланған 4 /төрт/ адам, педагогикалық кеңесте сайланған 4/төрт/ тәрбиеші /соның ішінде балабақша басшысы/ құрамына кіреді. Қамқоршылық кеңестің құрамына : балабақша тәрбиеленушілерінің ата-аналары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті өзін-өзі

басқару органдарының өкілдері, компания, жеке кәсіпкерлер мен ғылыми орта, баспасөз қызметкерлері, педагогикалық қызметкерлер, балабақшаның дамуына және дамытуға құлықты адамдар кіре алады.

Балабақша жарғысы бойынша қамқоршылық кеңестің жұмыс мерзімі 3 /үш/ жыл.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жұмысы мерзімінен бұрын қамқоршылық кеңестің мүшелерінің сұрауы бойынша, өз міндеттерін денсаулықтарына байланысты орындай алмай және орындамаған жағдайда, қамқоршылық кеңестің жазбаша түрде мәлімдеген кезде аяқталуы мүмкін.

Қамқоршылық кеңестің шешімдері жазбаша түрде жазылып, безендіріледі, оны қарауға балабақша әкімшілігіне жібереді. Шешім 1/4 мүшелерінің дауысымен қабылданды деп есептелінеді.

Қамқоршылық кеңестің бірінші отырысын балабақшаның ата-аналар комитетінің төрағасы өткізеді, бұл отырыста кеңестің төрағасы, орынбасары, хатшысы және ревизиялық комиссия мүшелері сайланады. Аталған лауазымдарға педагогикалық кеңестің ұсынған мүшелері сайлана алмайды.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып қамқоршылық кеңестің мүшесі емес балабақша қызметкерін қамқоршылық кеңеспен тағайындалады, ол қоғамдық бастама ретінде өз құзырындағы жұмысты бақылап, отырыстарды дайындап өткізуге, қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарын қамтамасыз етеді, материалдарды басқалардың көруіне бақылау жасайды.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары:

- 4.1. Балабақшаның тәрбие жұмысының жоспарына өз ұсыныстарын енгізуге;
- 4.2. Қазақстан Республикасының заңдары негізінде финансты шаруашылық жұмысына қатысуға, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізуге;
- 4.3. Оқу- тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы туралы балабақша әкімшілігінің есебін, бюджеттік және бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы есептерді тындауға;
- 4.4. Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне қатысуға;
- 4.5. Бюджеттік және бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы құжаттармен танысуға және ұсыныс жасауға;
- 4.6. Балабақша жарғысына өзгертулер мен толықтырулар ұсынуға;
- 4.7. Қор құруға, қамқоршылық кеңесінің финанстық кірістері Қазақстан Республикасының заңына қарсы келмейтін өз еркімен жеке және заңды тұлғалардан түскен қаржыдан тұрады;

5. Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- 5.1. Бюджеттен тыс түскен финанстық қаржыны мақсатты түрде қолдану;
- 5.2. Осы ережеге сәйкес қамқоршы кеңесінің атқаруға тиісті міндеттерін орындауын талап ету;

6. Қамқоршылар кеңесі отырысының өткізілу тәртібі :

- 6.1 Қамқоршылар кеңесінің отырысы кварталына бір рет өткізіледі;
- 6.2 Қамқоршылар кеңесінің отырысы оның төрағасымен, қамқоршылар кеңесінің мүшелерімен, балабақша әкімшілігімен шақырыла алады;

6.3 Шақыру тәртібі және қамқоршылар кеңесінің отырысының өткізілуі балабақша әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі;

6.4 Қамқоршылар кеңесінің отырысы, егер оның барлық мүшелері отырыс өткізілетін уақыты мен жерін хабарланған уақытта толық қанды деп есептеледі;

6.5 Дауыс беруде қамқоршылар кеңесінің әрбір мүшесінде бір дауыстан бар. Егер дауыс беру тең жағдайда болғанда шешуші дауысты қамқоршылар кеңесінің төрағасы өз даусымен шешеді;

7. Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

7.1 Қамқоршылар кеңесінің төрағасы бірінші отырыста құпия дауыспен сайланады. Сайлану уақыты 3 жыл

7.2 Құқықтары:

- өз міндеттерін қоғамдық бастама ретінде жүргізеді;
- жергілікті басқару органдары, ұжымдар, ұйымдармен араласып, олардың алдында қамқоршылар кеңесін ұсынады;
- қамқоршылар кеңесінің жұмыстарын ұйымдастырады, басқарады
- қамқоршылар кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды
- қамқоршылар кеңесінің жұмысы туралы жылдық есебін дайындайды
- балабақша әкімшілігімен байланыста болады

8. Қамқоршылық кеңестің мүлкі мен қаржысы

8.1. Қамқоршылық кеңестің қаржысы оның мақсаттары мен міндеттеріне сай жұмсалады;

8.2. Жұмсалған қаржы туралы оның салымшыларын ақпараттандырып отырады;

8.3. Балалардың балабақшадағы жақсы көрсеткіштері үшін және интеллектуалды, шығармашылық сайыстардағы көрсеткіштері үшін премия тағайындай алады.

9. Ревизиялық комиссия

9.1. Ревизиялық комиссия – қамқоршы кеңесінің жұмысында финансты-шаруашылық қаржыны жұмсаудағы заңдылықты, дұрыс қолданылуын қадағалайтын бақылау жасаушы орган.

9.2. Ревизиялық комиссия кеңестің жалпы отырысында 3 жылға сайланады.

10. Қарама қайшылықтар

10.1. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі балабақша жұмысы үшін аянбай еңбек етуге міндетті. Қамқоршылық кеңестің әрбір мүшесі шешім қабылдағанда өз жеке басын ойлап, балабақшаның коммерциялық мүмкіндіктеріне қол сұқпауы керек.

10.2. Қамқоршылық кеңесі мүшелер арасындағы қарама қайшылықтар және оны шешу туралы жағдайды балабақша әкімшілігіне хабарлауы міндетті.

10.3. Егерде қарама қайшылықтар шешілмеген жағдайда, оны шешу балабақша әкімшілігіне қарауға беріледі.

11. Қамқоршылық кеңестің таратылуы.

11.1. Қамқоршылық кеңестің таратылуы балабақша әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

11.2. Қамқоршылық кеңестің қаржысы таратылғаннан кейін құрылған жоспар бойынша орындалатын жұмыстарды жалғастыру үшін таратылу комиссиясына тапсырылады.

Қамқоршылық кеңес мүшелері туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Баласының аты-жөні	Мекен жайы
1	Төлебай Мадина	Жеке кәсіпкер	Төлебай Айару «Музарт» ересек топ	Ш. Уалиханов №47
2	Кәрімбаева Алия	Көмекші тәрбиеші	Дихан Мақсат «Балауса» ортаңғы топ	Отырар №17
3		Педагог	Бұхарбай Бейбарыс «Балдырған» II кіші топ	Отырар №15
4				
5				
6				
7				
8				
9				

БЕКІТІЛДІ

«Айболған» бөбекжай- балабақшасы

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Б. Естауова

№1 жалпы отырысында



**«Айболған» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС Қамқоршылық кеңесінің
2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Өткізілу формасы	Уақыты	Жауапты
1	1. Қамқоршылық кеңесті құру 2. Қамқоршылық кеңестің жалпы отырысы 3. 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту 4. «Денсаулық» апталығын ұйымдастыру 5. Тәрбиеленушілерге берілетін тамақ түрлілігі, оның нормасын, пісірілуін және балаларға тарату жайында бақылау жүргізу	№1 жалпы отырыс Үнемі бақылау	Қыркүйек Қазан Қараша	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
2	1. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар 2. «Қош келдің, Жаңа жыл!» - мерекелік ертеңгіліктер 3. «Ашық есік» апталығы	Ұйымдастыру, бақылау №2 жалпы отырыс	Желтоқсан Қаңтар Ақпан	Қамқоршылық кеңес, балабақша әкімшілігі
3	1. «8 Наурыз – әйелдер күніне» арналған мерекелік	Ұйымдастыру, бақылау		Қамқоршылық кеңес,

іс-шаралар 2. «Жыл басы - Наурыз» - ертеңгіліктер 3. Аумақты жабдықтау, көгалдандыру бойынша жұмыс 4. «Бірлесіп ағаш отырғызайық!» акциясы 5. «Қош бол, балабақша!», «1 маусым халықаралық балаларды қорғау күніне» орай жоспарланған іс-шаралар	№3 жалпы отырыс	Наурыз Сәуір Мамыр	балабақша әкімшілігі
4 1. Балалардың жазғы демалысын, сауықтыру шараларын ұйымдастыру 2. Топ үлескілерін жабдықтау 3. «Ең гүлді топ үлескісі» - байқау 4. Көпбалалы отбасыларына әлеуметтік көмек көрсету, «Мектепке жол», «Қайырымдылық» акцияларды ұйымдастыру мақсатында жеке кәсіпкерлер мен ата-аналармен байланыс орнату 5. 2018-2019 жыл қорытындысы. Жылдық есеп беру. 6. 2019-2020 жылына жұмыс жоспарын құру	Ұйымдастыру, бақылау №4 жалпы отырыс	Маусым Шілде Тамыз	Қамқоршылық кеңес төрағасы балабақша әкімшілігі

Хатшы:



Қ.Алиева

**Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы «Айболған»
бөбекжай-балабақшасында құрылған қамқоршылық кеңесінің құрамы туралы
мәлімет**

№	Аудан	Білім беру ұйымының атауы	Білім беру ұйымы басшысының аты-жөні, байланыс телефоны	Қамқоршылық кеңесі төрағасының аты-жөні, байланыс телефоны	Жұмыс орны, лауазымы	Қамқоршылық кеңесі құрамы мүшелерінің аты-жөні	Жұмыс орны	Қамқоршылық кеңесі құрамының саны	Заңды түрде тіркелгендігі туралы
1	ОҚО, Ордабасы ауданы Бадам ауылы	«Айболған» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	С.Өтеген	С.Өтеген 8 777 557 97 36	«Айболған» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі	1. Жантөре Айсұлу 2. Досалиева Гулнур 3. Нигматуллина Жанар 4. Балатаева Айнұр 5. Каналбай Арайлым	1. «Айболған» б/б әдіскері 2. «Айболған» б/б бастауыш кәсіподақ төрағасы 3. Жеке кәсіпкер 4. Жеке кәсіпкер 5. Жеке кәсіпкер	6	№34 бұйрық

«Айболған» бөбекжай-балабақшасы меңгерушісі:



Қ.Алиева

Негізгі мақсат

Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты:

1. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын дамытудың көкейтесті міндеттерін шешу;
2. Балабақшадағы міндеттерді қазіргі талапқа сай шеше алатын, жан-жақты білімді, тәрбиелейтін орталық ретінде қалыптастыру.
3. Жаңа ақпараттық және педагогикалық технологияны енгізу, оқу-тәрбие жұмысында тиімді пайдалана білу.

Негізгі міндеттер

1. Балабақшаның үздіксіз жұмыс істеуіне және дамуына ықпал ету;
2. Білім үрдісін жетілдіруге, білім сапасын арттыруға, оқу-материалдық және техникалық базасын жақсартуға қатысу;
3. Балабақшаның қаржы, материалдық және қолдаудың басқа түрлерін жүзеге асыруда күш-жігерді біріктіру, қызметі мен дамуын қамтамасыз ету үшін қосымша ресурстарды тарту;
4. Ата-аналар мен балалар және балабақша қызметкерлері құқығының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Қамқоршылық кеңесінің функциялары

1. Балабақша миссиясын анықтауға, даму стратегиясын бекітуге қатысады, дүркін-дүркін қызметін бағалауды жүргізеді;
2. Қамқоршылық кеңесі қоры қаражатын жұмсау бойынша қоғамдық бақылау жүргізеді;
3. Білім беру және еңбек тәртібі заңдарына сәйкес, «Білім» заңына, бала құқығын қорғау заңына және еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес болашақ бағыттарын ұйымдастыруға және айқындауға ықпал жасайды;
4. Тәрбиешілердің шығармашылық қабілеттерін арттыруға, жаңа технологияны меңгеруіне, балалардың білім сапасын арттыруға көмектеседі;
5. Жетім, қамқорлықсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсетеді;
6. Тәрбиешілердің әлеуметтік жағдайын ескеріп, кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, мадақтау, көмек көрсету шараларын жүзеге асырады.

Қамқоршылық кеңесті құру туралы жиналысы

ХАТТАМАСЫ №1

30 қазан 2017 жыл

«Айболған» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

- 1. Қамқоршылық кеңестің ашылуы, жұмыс бағыты туралы.**
 - 2. Балабақшаның Қамқоршылық кеңестің атқарылған жұмысының есебі**
- ТЫНДАЛДЫ**

Жиналысты балабақша меңгерушісі Өтеген Салтанат Төреханқызы, әдіскері Жантөре Айсұлу Абатханқызы жүргізді.

Жантөре Айсұлу Абатханқызы сөз сөйледі: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша ұжымына қамқоршылық кеңес туралы мәлімет бере отырып, білім саласына қатысты мәселелер туындаған жағдайда, қамқоршылық кеңес мүшелері арқылы шешуге болатыны айтты. Сонымен қатар әлі де өзгертулер мен толықтырулар енгізілетіндігін айтып өтті.

«Айболған» бөбекжай балабақшасы ЖШС Қамқоршылық кеңесін құру туралы 2018 жылдың 30 қазан күні жалпыұлттық ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерін қарастыру мақсатында балабақшаішілік ата-аналар жиналысы болып өтті. Қамқоршылық кеңесі туралы, оның мақсаттары мен міндеттері, кеңестің құрамы, функцияналдық міндеттері туралы түсінік беріліп, балабақшаішілік «Қамқоршылық кеңесі» құрамы құрылып, төрайымы Абдікәрім Дариға Кенжебекқызы бекітілді.

Сөз сөйлегендер:

- 1. Өтеген Салтанат Төреханқызы** «Қамқоршылық кеңестің» жарғысы туралы түсіндірді. Жалпы қамқоршылық кеңесінің мақсаты: білім беру ұйымдарына қолдау көрсету. Атап айтқанда, оның жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды қамсыздандыруда, материалдық-техникалық базасының нығаюына септесу, сондай-ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу. Қамқоршылық кеңестің жұмысын интернет ресурстарында орналастырып отыру қажеттілігін түсіндірді. Қамқоршылық кеңесі аудандық білім бөлімінің бұйрығымен бекітіледі. Кеңес мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімі болу керектігін айтып өтті. Ағайындық, туыстық қарым-қатынас болмау керектігін, кеңес мүшелері 9 адамнан кем емес, тақ саннан құралатынын ескертті және қамқоршылық кеңес Атқарушы жергілікті органдарға ұсыныс енгізе алады. Қамқоршылық кеңес отырысы әр тоқсан сайын 1 рет өткізіледі. Психолог мамандармен тығыз байланыста болады. Счет ашып, қайырымдылық акциясы қазнашылық өтеусіз негізінде көрсетіледі. Білім алушыларды қолдау, мадақтау және әлеуметтік жағдайына қарай көмек беріледі. **ҰСЫНЫСТАР:**

1. Қамқоршылық кеңес құруда ата-аналармен түсінік жұмыстарын жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне жеке кәсіпкерлер, лауазымды азаматтар енгізілсін.

Төрайым:  Б.Естауова

Хатшы:  Қ.Алиева

Қамқоршылық кеңесті құру туралы жиналысы

Хаттама №2

25.12.2017 жылы «Айболған» бөбекжай балабақшасы МКҚК қамқоршылық, қорғаншылық кеңесінің отырысы болды.

Күн тәртібінде:

1.2017-2018 оқу жылының I жарты жылдығында қамқоршылық, қорғаншылық кеңесінің атқарған қызметі туралы есебі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Е.Б.Естауова 2017-2018 оқу жылының I жарты жылындағы қамқоршылық, қорғаншылық кеңесінің есебі тыңдалды. Қамқоршылық, қорғаншылық кеңесі құрылған, іс-шара жоспары жасалып, жұмыстар жүргізілуде, тоғыз адамнан құрамы бекітілген. Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің екі отырысы өткізіліп, күн тәртібіндегі жұмыстар талқыланып отырылды. Өлі де болса атқарылатын жұмыс көп, осыған сіздердің көбірек жұмыс істеулеріңіз қажет.

Сөйлеушілер:

Нигматуллин Жанар ата-аналар комитетінің төрайымы. Қамқоршылық, қорғаншылық кеңестің төрағасының жарты жылдық есебін тыңдадық.

Шешім:

1. Қамқоршылық, қорғаншылық кеңесінің 2017-2018 оқу жылында I жарты жылдығындағы есебі еске алынсын.

2. Қамқоршылық, қорғаншылық кеңесінің жұмысын жандандыру кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.